

2023 жылға мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 813 қаулысы

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 6) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Жаңақорған ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін аудан әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

М. Тлеумбетов

Жаңақорған ауданының әкімі
2022 жылғы "18" қарашадағы
№ 813 қаулысына
қосымша

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	А у ы р жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын
---	---------------	-------------------------------------	---	---

				есептемегенде, белгіленген квота саны (адам)
1	"Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің №195 жалпы орта мектебі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	80	2	1
2	"Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің №166 жалпы орта мектебі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	81	2	1
3	"Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің Ахмет Әділов атындағы № 86 жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	94	2	1
4	"Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің №160 жалпы орта мектебі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	2	1
5	"Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жаңақорған орман және жанурлар	76		1

	дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі"		2	
6	"Нұр-Шах" шаруа қожалығы	50	2	1
7	"Бақытжан" шаруа қожалығы	51	2	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК